

Б. Әбдуәлиұлы¹ , Г. Махмұт² , Чжан Юйянь³ 

¹Сиань шет тілдері университеті, Сиань, Қытай

²Шыңжаң университеті, Үрімжі, Қытай

³Ланжоу Орталық Азия зерттеу институты, Ланжоу, Қытай
(E-mail: bekhzhan_a7@mail.ru)

Қазақ есімдерінің семантикалық ерекшелігі және әлеуметтік қызметі¹

Аңдатпа. Қазақ есімдерінің қалыптасуы мен дамуы екі негізден бастау алады: *бірі* – тілдік ерекшелігі бойынша, яғни лингвистикалық заңдылықтардан. Бұл бағыттағы даму кісі аттарының құрылымдық жүйесі мен мағыналық өрісін қамтиды. *Екіншісі* – әлеуметтік ортадағы қызметі, адамдар арасындағы қатынасты реттеудегі орны, белгілі бір қоғамда өмір сүріп жатқан азаматтардың ресми тіркелуі т.б. қатысты. Азаматтар мен олардың есімдерінің арақатынасы лингвистикалық тұрғыдан да, әлеуметтану тұрғысынан да аса маңызды, өйткені кез келген адам қоғам мүшесі ретінде есімі арқылы тіркеледі, есімі арқылы айналасына танылады. Есім – адамның өмірде барлығының және белгілі бір елдің толыққанды азаматы екендігінің айғағы. Азаматтың өзге құқықтары секілді есім иелену құқығы да заңнамалық тұрғыдан қорғалған.

Қоғамның адамсыз болмайтыны секілді, адам да есімсіз болмайды. Қолданыс барысында кісі аттары белгілі бір тұлғалардың прототипіне айналады. Мысалы, «Абай» десе сөздің мағынасынан бұрын қазақтың ұлы ойшылы бірінші ойға оралады. Әуелгі мағынасы «ақылды, дана» болғанмен, Абайдың қоғамдағы орны есімінің мағынасына айналып отыр. Бұлай болуы ең бірінші әлеуметтік қатынастар барысындағы қолданысының нәтижесі. Кісі аттары өзінің біртұтас болмысы арқылы ұлттық қоғамның да көрінісі бола алады, сондықтан оларды әлеуметтану тұрғысынан қарастырудың маңызы зор. Мақалада осы айтылған мәселелерге пәнаралық байланыс тұрғысынан кешенді талдаулар жасалады.

Түйін сөздер: антропоним, этноним, этноантропоним, антропоэтноним, әлеуметтік мағына, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-31-44>

Түсті: 25.11.2024; Жөнделді: 05.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Кісі есімдерін әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан зерттеу оның қызметімен тікелей байланысты. Оның қызметі қоғамдағы адамдардың өзара қатынастарын реттеуге арналады, демек ол әлеуметтік мәнге ие. Кісі есімдері – адамды атаушы, бір-бірімен байланыстырушы

¹ Мақала ҚР ҒЖБ АР23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» атты мемлекеттік гранттық (2022-2024 жылдарға арналған) жобасы аясында әзірленді

құрал. Өзіне ғана қызмет етпейді, айналасындағылардан ажыратып тану үшін өзгелерге де керек. Әлеуметтік орта болмаса, яғни адамдар бір-бірімен қатынасы жоқ, жеке-жеке өмір сүрсе, оған есімнің керегі болмас еді, өйткені оны көпшілік арасынан ажыратып тану қажет емес. Қазіргі жағдайда есімі жоқ адамды ешкім танымайды, оның қоғамда орны жоқ, еш елдің азаматы бола алмайды. Нақтырақ айтқанда есімі жоқ адам еш жерде ресми тіркелмейді, яғни есім – адамның өзі, оның өмірде барлығының айғағы. Осы жағдайдың өзі кісі аттарының әлеуметтік мәнінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Кісі есімдерінің әлеуметтік мәні туралы айтқанда, ең бірінші, «әлеумет» және бұл мәселемен айналысатын «әлеуметтік лингвистика» терминіне түсінік бере кету абзал. Қарапайымнан күрделіге қарай ой өрбіту үшін біршама белгілі болса да, бұл екі сөзге тоқтала кетудің маңызы бар.

«Әлеумет – қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде жамағат, қауым, жұртшылық мағынасында қолданылған ұғым. Ол отбасынан, ағайын, туыс, жекжат-жұрағаттан бастап, ел-жұрт мағынасына дейін қамтиды. Мысалы, халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетін “Алқалаған, әлеумет, Сөзіме құлақ салыңыз” дегенде әлеумет ұғымы ағайын мәніне жақын болса, “Әлеумет, көрдің, міне, жаңа заңды” (К.Әзірбаев) деген өлең жолында – бұқара, жұртшылық мәніне ие болып тұр. Әлеумет ұғымының қазіргі заманғы мағынасы қоғам, қауым, қауымдастық сөздерінің ғылыми ұғымдарымен мәндес»². Демек әлеуметті қоғам деп түсінуге де болады, алайда кей мағынасында бұл екі сөз синоним ретінде қолданылғанмен, екеуінің бір-бірінен кейбір айырмашылықтары да бар. «Қоғамның» мағынасында жалпылық сипат басым болса, «әлеумет» сөзі жалқылауға бейім. Мысалы, қоғам әлеуметтік топтардан, әлеуметтік қатынастардан, әлеуметтік институттардан, әлеуметтік нормалардан т.б. тұрады. Енді осыларды жинақтай қарасақ, қоғамның әлеуметтік топтардан тұратынын байқаймыз, яғни қоғамның әлеуметтік картинасы көрініс береді.

Тарихи тегі бір, бір қоғамда ұжымдасып өмір сүріп жатқан қауымды өзара жақындататын, ортақ мақсатқа біріктіретін – тіл, дәстүр, тұрмыс-салт, шаруашылық т.б. секілді мәдениет компоненттері. Әлеуметтік ұжымдардың қалыптасуына өзіндік ықпалы бар кісі есімдерін де осы компоненттердің қатарына қоюға болады. Тарихи-танымдық, мәдени, тілдік т.б. ерекшелігі бойынша кісі есімдері азаматтарды белгілі бір этникалық қауымдастықтың мүшесі ретінде айғақтап отырады.

Тілдің әлеуметтанумен байланысын зерттейтін ғылым саласын «әлеуметтік лингвистика» деп атаймыз. Бұл термин әуелде әлеуметтанушылар тарапынан ұсынылғанымен, келе-келе лингвистердің бұл саладағы үлес салмағы артты. Бұл «социолингвистика» терминін алғаш 1952 жылы америкалық социолог Г.Карри қолданған болатын [15]. Әлеуметтану – пәнаралық ғылым. Ғалымдар тілдің әлеуметтік қызметінің екі қырына тоқталады. Қоғамның құрылымы мен тілі, белгілі бір үлгілер арқылы өзара тығыз байланыста болады деп саналып келді. Бір жағынан (тарихи көзқарас тұрғысынан), нақты жекелеген тілдер әрқашан сол тілде сөйлейтін белгілі бір топтармен байланысты болып келеді және белгілі бір тілдік мазмұн мен форма арқылы қоғамдық құрылымның бейнесін көрсетеді. Екінші жағынан, қоғам тілге тәуелді: тіл ұлттық бірегейлікті қалыптастырады және қоғамдағы түрлі әрекеттерге тәуелді өзінің формасындағы кеңістік пен уақыттың сабақтастықтарын тудырады [1. 61 с.]. Бұл орайда екі мәселе өзіне назар аударады: бірі – қоғамдағы әлеуметтік топтарға тән тілдік қолданыстың ерекшеліктері; екіншісі – тілдің белгілі бір халыққа ортақтығы, яғни бірегейлік сипаты мен жалпылаушылық, жинақтаушылық қызметі.

Әлеуметтік орталардағы тілдің қолданысы бір сипатты бола бермейді. Әр саланың кәсіби тілі, ғылыми терминологиясы, түрлі орталардағы жаргондардан бөлек, ауыл тұрғындары мен қалалықтардың, қарапайым жұртшылықтың, қарттар мен жастардың, әйелдер мен ерлердің сөйлеу тілінде өзіндік ерекшеліктер болады. Қазіргі әлеуметтік лингвистиканың негізін қалаушылардың бірі америкалық ғалым Уильям Лабов әлеуметтік лингвистиканы «әлеуметтік контексте зерттелетін ғылым» ретінде қарастырады. Бұл ойды таратып айтатын болсақ, әлеуметтік лингвистер тілдің өзіне емес, оның ішкі құрылымына

² <https://kk.wikipedia.org/wiki/Әлеумет>

да емес, түрлі қоғамды құрайтын адамдардың тілді қалай қолданатынына назар аударады деп түсінуіміз керек. Бұл ретте тілдің қолданылуына әсер ете алатын барлық факторлар – сөйлеушілердің өздерінің әртүрлі сипаттамаларынан бастап (олардың жасы, жынысы, білімі мен мәдениетінің деңгейі, кәсіп түрі және т.б.), белгілі бір тұлғаның сөйлеу әрекеті ерекшеліктеріне дейін ескеріледі [2, 6-9 с.]. Тілдің әлеуметтік мәні туралы бұндай пікірлер өзге ғалымдар тарапынан да айтылады. Сондықтан, бұны әлеуметтік лингвистикада орныққан көзқарас ретінде қабылдауға болады. Сонымен, әлеуметтік лингвистика жекелеген адамдардан бастап, қоғамдық дәрежедегі әлеуметтік қатынастарға дейінгі тіл қолданысындағы ерекшеліктерді қарастырады. Соның ішінде кісі аттарының қолданысы да маңызды орын алады. Әлеуметтік лингвистика аясындағы теориялық шарттар антропонимикаға да ортақ.

Әдістеме

Жұмысты жазу барысында жинақтау, талдау, салыстыру, статистикалық талдаулар жасау, қорытындылау әдістері қолданылды. Қазақ есімдері ғасырлар бойғы халықтың ат қою шығармашылығының жемісі, бізге белгілі болған алғашқы есімдерден бастап, бүгінге дейінгі сан мыңдаған бірліктерді құрайды. Кей деректерде қырық мыңдай түбір тұлғалы антропонимдердің тіркеуге алынғаны туралы айтылады [3, 4 б.]. Алайда олардың арасында адамдарды атау қызметін атқарғанмен мәдени сапасы жағынан есім деп атауға келмейтін, қолданыстан түсіп қалған лексикалық бірліктер де жиі кездеседі. Қазақ есімдерінің жалпы қорын жинақтап, соның ішінен ұлттық бірегейліктің үлгісін көрсете алатын, халық танымымен сабақтаса отырып, біртұтас мазмұнға ие болған, мәдени сапасы кісі аттары дамуының барлық дәуірлеріне сәйкес келетін тұлғаларды анықтау барысында ілгеріде аталған әдістер қолданылды. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты кісі есімдерінің әлеуметтік мәнін сипаттау және ұлттық қоғамның ажырамас бөлігі ретіндегі болмысын айқындау болғандықтан, өткендегі мен бүгінгі ерекшеліктері салыстырылды, әлеуметтік ұжымды қалыптастырушы фактор, ұлттық қоғамның көрсеткіші, әлеуметтік құрылымның бөлшегі ретіндегі ерекшеліктеріне талдаулар жүргізілді. Қазіргі қазақ есімдерінің даму бағыттары мен этноәлеуметтік ұжымды құрау мүмкіндігіне баға беру мақсатында статистикалық талдаулар жасалды. Нәтижесінде ұлттық қоғам құрудың антропонимиялық келбеті айқындалды.

Зерттеу барысында қолданылған (ілгеріде аталған) әдістер кісі аттарын әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің әдістемесін құрайды. Қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынас тікелей есімдерге байланысты. Сондықтан әлеуметтік-лингвистикалық талдаулар барысында ең бірінші кісі есімдерінің қолданысы мен қызметіне назар аударылды.

Нәтижелер

Кісі аттары – қазақ қоғамының айнасы, әр дәуірдегі лексикалық қорын жинақтай қарастыратын болсақ, мазмұнынан сол уақыттың саяси, мәдени, экономикалық жағдайлары көрініс береді. Осы зерттеу жұмысының көлемінде төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- Қазақ есімдерінің мағынасына қатысты кей сұрақтардың жауабы анықталды. Кісі есімдерінің мағынасына қатысты «антропонимдік мағына», «әлеуметтік мағына», «әлеуметтік өре» т.б. секілді ұғымдардың өзіндік жүйесі ұсынылды. Бұл орайда мына мәселелер назарға алынды: біріншіден, адам мен есім арасындағы байланыстың лингвистикалық және социологиялық ерекшелігі айқындалды. Лингвистикалық табиғаты жеке есімнің мағынасы мен біртұтас антропонимдік қордың мазмұнын қамтиды. Қазақ есімдерінің мағынасы мен мазмұны қазақ халқының ұлттық дүниетамымен сабақтас. Ал әлеуметтік ерекшелігі олардың адамды атау және қарым-қатынас жасау, адамдарды ұжымдастыру қызметімен байланысты. Түрлі пікірлерге арқау болып келе жатқан антропонимдердің мағынасына қатысты бұл мәселенің әлеуметтану мен лингвистиканың тоғысар тұсынан шешімі анықталды.

- Қазақ есімдерінің әлеуметтік қызметінің ғылыми сипаттамасы жасалды. Кісі аттары адамды атай отырып, оның айналасына танылуына және белгілі бір адам туралы көптеген ақпараттардың бір есімнің аясына жинақталуына ықпал етеді. Ғасырлар бойы бір тілде жасалған немесе сол тілдің дыбыстық заңдарына бейімделген біртұтас сипаттағы есімдер белгілі бір ұлттың өкілдерін атай отырып, ұлттық қоғамның бейнесін сомдайды. Бұл тілдік құбылыс «қазақ есімі» мен «қазақ халқы» (немесе ұлты) деген ұғымдарды өзара жақындатады, біріктіреді, бір-бірінің синониміне айналдырады.

- Кісі есімі мен тегінің (фамилия) құқықтық құжаттардағы орны айқындалды. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы Кодексында баланың өмірге келуі мен оның есім иеленуге құқығы тең дәрежеде қарастырылған. Бұл өз кезегінде әлеуметтік-құқықтық мәселе болып табылады. Осы Кодексте кісінің есімін, тегін алуы және қолдануының талаптары мен ережелері жан-жақты қамтылған, алайда әлі есін білмейтін сәбиге есім қоюшының (ата-ана, туыс, жақын т.б.) құқығы туралы ешқандай бап жоқ, яғни шексіз еркіндік берілген. Соның нәтижесінде қолайсыз, айтуға да, естуге де оғаш көптеген есімдер қойылуда. Бұл мәселенің құқықтық құжаттармен байланыста және әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан алғаш назарға алынуы зерттеу нәтижелерінің бірі болып табылады.

Талқылау

Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер аясында жалқы есімдер әлеуметтік таңба ретінде қарастырылады, өйткені олар белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасқан атау беру дәстүрін айғақтайды. Әрбір дәуірде жалқы есімдер бұрынғы дәуірлердің белгілі бір элементтерін бойына сіңіре отырып, сол заманның рухы мен әлеуметтік кодексіне сәйкес жаңаша ойлармен толығады. Әлеуметтік лингвистикалық тәсіл әлеуметтік процестердің мәнін ашуға мүмкіндік береді: антропонимдер қоғамның әлеуметтік және мәдени өмірінің тұтас сипатын көрсете алады, адамдардың қарым-қатынасы, олардың этникалық және діни ұстанымдары, әлеуметтік жағдайы, аумақтық орналасуы және т.б. туралы ақпараттар беруге де қабілетті. Әр халықтың есім қолдану мен тұтыну мәдениеті бір-біріне ұқсай бермейді, әрқайсысының ұлттық ерекшеліктері бар. Мысалы, исландиялықтарда фамилия болмайды, поляктар мен болгарларда әкесінің атымен атамайды – осылайша кез келген халық пен оның тілінің әмбебаптық қасиеті антропонимдік жүйесінен көрініс береді [4, 21 с.]. Бұл тұрғыдан алғанда халықтың дәстүрлі тұрмысы мен салтының негізінде қалыптасатын әлеуметтік қатынастары мен ол кеңістіктегі есім қолдану дәстүрлері халықтың ұзақ тарихында қалыптасқан ұлттық құндылықтарының бірі. Сондықтан, антропонимнің әлеуметтік мәні арнайы зерттеулерді талап етеді. Тілдің адамдар тобын қауымдастырушы, белгілі бір қоғамдық ортаға ұйыстырушылық қызметі секілді, кісі есімдері де өзінің бірегейлігімен ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындау мүмкіндігіне ие. Қазақ есімдерін түрлі аспектілерде қарастыра отырып, әлеуметтік-лингвистикалық мәніне назар аударсақ, бұл аспектіде қызметі басты орынға шығады.

Кісі есімдерінің әлеуметтік қызметі туралы айтқанда, кісі аттарының **әлеуметтік ұжымды қалыптастырушы фактор** ретіндегі; **ұлттық қоғамның көрсеткіші** ретіндегі; **әлеуметтік құрылымның бөлшегі** ретіндегі қызметтері назарға алынады. Үшеуінің әрқайсысында, ең бірінші, байырғы қазақ қоғамының формасы мен мазмұнын құраудағы кісі есімдерінің өзіндік орны көрінеді. Біз оған шежіре деректерін мысалға келтірер едік. Мұнда ру, тайпа атаулары қамтылады дегенімізбен, шежірелік түсінік бойынша олардың барлығы кісі аттары, оларды қазіргі кезде антропэтнонимдер немесе генионимдер деп түрліше атап жүр. Тарихшылар үш жүздің рулардан құралғанын, ал рулардың көптеген рулық аталықтарды біріктіргенін айтады³. «Аталық» сөзі басқа да қолданыстарымен қатар, «қазақ ауылының батагөй ақсақалы» дейтін мағынаны білдіреді [5, 505 б.]. Шежіре құрылымы кісі есімдерін қамти отырып, этноәлеуметтік ұжымның, туыстық қатынастардың, әлеуметтік құрылымның көрсеткіші де бола алады. Енді осылардың әрқайсысына жеке тоқталып көрелік.

³ https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_қоғамының_этноәлеуметтік_құрылымы

Әлеуметтік ұжымды қалыптастырушы фактор ретіндегі қызметі. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда бұның өзіндік сырлары бар. Адамға есім беру, әуелде, әлеуметтік ортадағы сұранысқа байланысты туындаған. Шығу, қойылу тарихы өте көне замандарға, алғашқы рулық қоғамға барып тіреледі. Ат беру немесе есім иелену шарттары жалпыдан жалқыға қарай ауысса керек, яғни әуелі этнонимдер пайда болып, қоғамдық сана жетілген сайын олар антропонимдерге қарай ойысқан. Қоғамда жеке адамдардың әлеуметтік рөлі жоғарылаған сайын әрқайсысы жеке есімдер иелене бастаған, бұл – қоғамның мәдени-сапалық дамуы әрі адам құқығының көрсеткіштері. Бүгінгі ғылымда әуелде ру, тайпа аттарының, содан кейін кісі аттарының шыққаны туралы болжамдар айтылады. Т.Жанұзақов өз зерттеуінде «Әрбір рудың белгілі бір есімдері немесе бірнеше ұқсас есімдері болады, ол есімдермен бүкіл тайпа ішінде сол рудың өзі ғана пайдалана алады, ендеше әрбір мүшесінің есімі де оның қай рудың адамы екенін көрсетеді», – дейтін пікірге тоқталады. Осымен бірге, ертедегі рулар аттарының хайуандар аттарымен байланысты болғаны туралы ой айтқанда да сол еңбекке былай деп сілтеме жасайды: «Кейбір рулардың аттары хайуандар аттарымен де аталатын болған. Сенекте тайпасында қасқыр, аю, тасбақа, құндыз, бұғы, балықшы, көкқұтан, бүркіт деген сегіз ру бар екен. Халық аузындағы аңыз бойынша, басқа рулар аю мен бұғы атты рулардан тараған көрінеді» [6, 47-49 б.]. Хайуандардың аттары әрі сол ру басының есімі ретінде де жұмсалған.

Бұл қолданыстан тайпа аттарының ұжымдастырушылық, бір орталыққа жинақтауыштық қызметі көрінеді, қазіргі антропонимикада оларды топтық антропонимдер деп атайды. Зерттеушілер топтық антропонимдерге денотаты түрлі белгілеріне қарай жіктелетін адамдар ұжымы болып табылатын тайпа, отбасы, әулеттік (династия) есімдерді жатқызады. Бұл аталғандардың ішінде ең көнелері – тайпа. Тайпалық ұйым – бұл тарихи маңызы зор әлеуметтік ұжым, соның арқасында адамдар ұжымының құрылымы қалыптасқан. Іс жүзінде Еуропада сақталмаған, ал Азияның бірқатар елдерінде, Африкада, Австралияда, Америкада бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған [7, 176-177 с.].

Топтық есімдер **шағын топ** және **көлемді топ** болып екіге бөлінеді. Шағын топқа өзара туыс, ағайынды немесе мүдделес адамдарды біріктіріп, бірге атау мақсатынан туған атаулар жатады. Топтық есімдер қазақ халқының тарихында, шежірелік аңыздарында және қазіргі қолданыстарда да сақталған. Аты айтып тұрғандай бұл топтағылар бірнеше адамды ғана бір атаудың аясына біріктіреді, «шағын топ» деп атауымыз да сондықтан. Мысалы, шежіре деректерінде мынандай есімдер кездеседі: Бәйдібек бидің Момын есімді қызынан туған Арғынның жеті ұлын халық «**Жеті момын**» атап кеткен, **Төртқара** – Жарылқамыс батырдың, нағашыларының елін жаудан қорғаған төрт ұлы Жәнібек, Жалаң, Сүйін, Бөлек батырларға берілген атау; Қыпшақ Тоқтар бидің бәйбішесі Алтыншаштан – Бұлтың, Торы, Көлденең, Ұзын, Қарабалық атты бес ұл туған. Шежірешілер осы бес атаны қалың қыпшақ ішінен даралап, аналарының атымен «**Алтыншаш**» деп те атайды. **Бесқасқа** – жеке ру басының атына байланысты ата емес, ерлікпен аты шыққан бес адамның ұрпақтарына ортақ атау т.б. Бірнеше адамды топтап, біріктіріп, бір есіммен атау басқа халықтарда да бар. Бұлайша топтасу қамтитын есімдердің көлеміне байланысты «шағын топтың» қатарына кіреді.

Біріктіру, қауымдастыру қызметі қазақ шежіресінде айқын көрінеді. Халықтың шежірелік аңыздарында ұлтты құраушы ірі ру-тайпалардан бастап, бүгінгі ұрпаққа дейінгі атаулардың барлығы кісі есімдері ретінде танылады. Өзінен тараған ұрпағын өз аясына топтастыра алу мүмкіндігі бойынша этнонимге айналған, оларды антропонимдерден жасалған этноним немесе «антропоэтнонимдер» деп атайды (бұл орайда «этноним» терминінің ғылыми айналымдағы мағынасы мен қазақ шежіресіндегі түсінігінің арасында өзіндік ерекшеліктер бар екенін атап өтуіміз керек) «Ата» терминінің біріктірушілік, жинақтауыштық мағынасын А.Сейдімбектің еңбегінен кездестіреміз. Ол Үйсін-шапырашты болысының басшысы Қойсоймас Қараша деген кісілердің малға бай, жылқысы жетерлік екенін және қоластында 1500 шаңырақ болғанын айтады. Бірге аталғанмен бұл ағайынды екі жігіттің есімдері. Ғалымның айтуынша: қазақтың дәстүрінде

ат-атағы қатар шыққан ағайындардың ауыл-елі солардың есімдерімен аталады [8, 374 б.]. Осы мысалдағы екі адамның есімдері ауылдың (бір қауым елдің) атауына айналып, жұртшылықты өз аясына топтастырып отыр. Қазақтың шежіресіндегі руға шыққан атаулардың барлығы жинақтауыштық әрі біріктіру, ұйыстыру қабілетімен осы топтық есімдердің қатарына кіреді. Ұлттық деңгейдегі ауқымы бойынша оларды «көлемді топ» есімдерінің қатарына жатқызамыз. Қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан қарағанда бұлардың қазақтың этноәлеуметтік жүйесінің қалыптасуында өзіндік орны үлкен.

Кісі аттарының ру аттарына, керісінше ру аттарының кісі аттарына ауысып отыруы тарихтан бар құбылыс. Әлеуметтік ортадағы есімдер айналымы олардың мағыналық әрі дыбыстық жүйесінің өзгеруіне және тұрақтауына, екіншіден жалпы есімдерден жалқы есімдердің жасалу дәстүрінің орнығуына, трансонимдену құбылысының пайда болуына алып келген. Осылайша кісі есімдерінің қызметі барысында әртүрлі қырлары мен біртұтас болмысы қалыптасты.

Қоғамдық құрылымның бөлшегі ретіндегі қызметтері. Қоғам құрылымы түрлі топтардан, қауымдастықтардан құралады. Олардың бірігуін қазіргі зерттеушілер сипатына қарай «жаппай қауымдасу» және «топтық қауымдасу» деп екіге бөліп қарастырады. Жаппай қауымдастық стихиялық жағдайда қалыптасады және өз мүшелерін механикалық жолмен жинайтын азды-көпті аморфтық сипатқа ие болып келеді. Бұлардың мүшелеріне соғысқа қарсылар, қоршаған ортаны қорғаушылар т.б. секілді топтар жатады. Ал оған қарсы бағытқа «топтық қауымдастықтар» немесе «әлеуметтік топтар» жатады. Әлеуметтік топтар өзінің біртектілік және тұрақтылық сипатымен ерекшеленеді. Мысалы, философия және әлеуметтану мектептерінің өкілдері т.б. Әлеуметтік топтардың негізгі белгісі – ішкі құрылымның болуы, соның арқасында бүтін мен оның бөліктері айқын көрініп тұрады [2, 123-124 б.]. Әлеуметтік құрылымның компоненттері алуан түрлі. Соның ішінде отбасылық институттарды да осы топқа жатқызуға болады. Отбасы жеке мүшелерден тұрады, белгілі бір тектің айналасына жинақталады (тек жөнінде сәл кейінірек). Сөйтіп қоғам әлеуметтік топтардан құралса, әлеуметтік топтың бір компоненті – отбасы өзінің мүшелері арқылы ұлы қауымдастықты құраушы элементтер ретінде қызмет етеді. Біртұтас мазмұны мен дыбыстық, мағыналық болмысы арқылы кісі есімдері қоғамның ұлттық келбетін айқындайды, ал ұлттық ерекшелік адамдардың өзара жақындасуына, бірігуіне ықпал етеді.

Әлеуметтік қатынастар тұрғысынан алғанда кісі есімдерінің қызметі маңызды рөл атқарады. Ол адамды атайды және сол адамның баламасына айналады. Өзі жоқ жерде оны есімі алмастырады, яғни ол туралы барлық ақпараттар есімнің айналасына топтасады. Осылайша ұлттық есімдер жеке азаматтарды атай отырып, ұлттық қоғамды құрау қызметін де жүзеге асырады. Бұл орайда екі мәселе ойға оралады: бірі – есім мен адам арасындағы байланыс, екіншісі – лексикалық бірлік ретінде есім мен оның мағынасы арасындағы байланыс. Есім мен адам арасындағы байланыс жеке тұлғаға қатысты болса, есім мен мағына бірлігі ұжымға қатысты, өйткені есім ұжымдық ортада сұрыпталады, мағынасына ұлттың тарихы, мәдениеті, тұрмысы т.б. ақпараттар жүктеледі және нормаға айналады.

Есім адамды атау, өзгелерден ажырату, шыққан тегі мен кей жағдайда туған жерін білдіру т.б. қызметтерді атқарады. Қазіргі кезде бұл қызмет адамды атау және айқындау, яғни есім және тек (фамилия) түрінде орныққан. Әр ұлттың өзіне тән есімдері болады, есімдер мен оның мән-мағынасы және сол ұлттың мәдениеті, дәстүрлі әлеуметтік-тұрмыстық ерекшеліктері өзара сабақтастықта әрі үйлесімде болады. Осы үйлесім арқылы кісі аттары жеке адамдарды атай отырып, әлеуметтік мәдениеттің аясына топтасады, осы ерекшелігі бойынша біртұтастыққа ие болады. Бұл орайда ұлттық мәдениет контексіндегі антропонимдік кеңістіктің жекелеген элементтерін, яғни ортақ мазмұнды құрайтын жекелеген кісі есімдерін көреміз. Екіншіден, есімдер мен сол ұлт өкілдерінің саны бір-біріне сәйкес келмейді. Адам саны қашанда есім санынан артық, сондықтан, бір есімді бірнеше адам иеленеді, яғни бір есім бірнеше, кейде көптеген адамдарды өз аясына топтастырады,

біріктіру, ұйыстыру қызметін де атқарады. Қоғам жекелеген азаматтардан тұрады, ал оларды есімдерсіз елестету мүмкін емес. Бұрынғы замандарда адамның азан шақырылып қойылған есімінен басқа бір, кейде бірнеше есімі болғаны туралы деректер бар. Барлығы болмаса да, көптеген адамдардың, соның ішінде тарихи тұлғалардың түрлі есімдері бүгінгі күнге жетіп отыр. Мысалы, Абылай ханның тарихта танымал есімінен бөлек Әбілмансұр (шын аты), Сабалақ (лақап аты) есімдері болған. Сол секілді Абай, Шоқан, Қошқе, Сәкен т.б. лақап екені белгілі. Бірақ өз замандарының есім қолдану шарттарына сәйкес бұлар ресми түрде тіркелді, тарихи тұлғалар жалпы жұртшылыққа осы есімдерімен танылды.

Ал қазіргі заман адамы өзінің азан шақырып қойылған есіміне тікелей тәуелді. Өмірдегі жағдайларға байланысты адамға түрлі лақап есімдер телінуі мүмкін. Сол секілді айқындауыштық мағынада руы мен туған жерін қосып алғандар да болды. Мысалы, Тарақты Ақселеу (Сейдімбек), Тұңғышбай әл-Тарази (Жаманқұлов) немесе қосарлы айқындауыш сипатындағы «Сәкен серіні» осы топқа қосуға болады. Бұл орайда шығармашылық адамдары өздеріне теліп алған түрлі лақаптар тек (фамилия) орнына да қолданылғанын атап өтуіміз керек – Тарақты Ақселеу, Тұңғышбай әл-Тарази, Әкім Тарази т.б. осы қызметімен ерекшеленеді. Бұл қолданыстар екі түрлі аты-жөнмен танылуға құқықтық талаптар бойынша шектеу қойылмайтынын білдіреді. Ал Бутя – Болат, Беркут – Айбек, Виктория – Айша т.б. – бала күнінде қатарластары тарапынан телінген немесе өсе келе өздеріне лақап етіп алып, көпшілікке танымал болған есімдер. Сонымен, жинақтай айтсақ, адамды қазіргі қоғамның мүшесі ретінде және әлеуметтік құрылымның бөлшегі ретінде танытатын есімдер лақап және ресми деп аталатын екі топқа бөлінеді. Руханият әлемінде лақап есімнің қолданылуына еркіндік берілгенмен, ресми қолданыста құжаттағы нұсқасы негізге алынады. Бұл құқықтық тұрғыдан жолға қойылған, сондықтан әр адам есімі арқылы өзі өмір сүріп жатқан қоғамның мүшесі ретінде тіркеледі және солай болуға міндеттеледі (құқықтық құжат жөнінде сәл кейінірек). Өзгелерден айырып тануға мүмкіндік беретін азаматтың есіміне, аты-жөннің бір компоненті – адамның тегі қоса тіркеледі.

Тек – адамның кімнің ұрпағы және баласы екенін, кей елдерде қандай әлеуметтік топқа жататынын, қай ұлттың өкілі екенін де айқындап тұрады. Дамыған елдердің барлығында дерлік тек мәселесі өзінің орайлы шешімін тапқан. Мысалы, ағылшынның, француздың, немістің, кәрістің, орыстың т.б. барлығында тегі арқылы ұлты танылып тұрады. Тек, яғни фамилия – әр ұлттың паспорты. Осы орайда паспорт деген сөздің мағынасына үңіліп көрелік. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде: «1. Иесін куәландырып тұратын ресми құжат» дейді де, 2. Машина, аппарат т.б. тіркеуші құжат» деген түсінік беріледі. Осындағы «куәландырушы» және «тіркеуші» сөздерінің мағынасын алып қарасақ, тегіміз де адамның белгілі бір ұлт өкілі екенін куәландырушы және ұлт мүшесі ретінде тіркеуші құжат болып шығады. Жер шарындағы халық санының артуына байланысты ұлттық есімдердің қолданысында қайталану мәселесі туындап отыр, ол бір халықтың, мемлекеттің ішінде ғана емес, халықаралық дәрежеде де көрініс беруде. Бұл мәселені шешудің бір мүмкіндігі ретінде ЖСН-ді (жеке сәйкестендіру нөмірі) атауға болды. Қоғам мүшесінің өзіне қатысты мәліметтермен сәйкестігін анықтау кезінде ЖСН-ді пайдалану қолайлы, өйткені құқықтық тұрғыдан алғанда аты-жөннің тұрақтылығы кей жағдайда шартты. Отбасы құру, кәметтік жасқа толғаннан кейін аты-жөнін өзгерту, қате жазылу, қазақшалау т.б. секілді себептермен құжаттағы аты-жөнге өзгертулер енгізіліп тұрады.

Аты-жөнді алу құқығы және оны өзгерту тиісті құжаттар арқылы рұқсат етілген. Мысалы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексында» (әрі қарай – Кодекс)[16] кісі есімдеріне қатысты мәселелер нақты көрініс тапқан: 31-бап. Ерлі-зайыптылардың тектерді таңдау құқығы; 63-бап. Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы; 64-бап Баланың атын және (немесе) тегін өзгерту; 225-бап. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде ерлі-зайыптылардың тектерін жазу тәртібі; 30-тарау. АТЫН, ӘКЕСІНІҢ, АТЫН ЖӘНЕ ТЕГІН АУЫСТЫРУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ: 257-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу үшін негіз; 258-бап. Атын, әкесінің атын,

тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу орны; 259-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініш; 260-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті қарау мерзімдері; 261-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі; 262-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуден бас тарту; 263-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы акт жазбасының мазмұны; 264-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты өзгертуге жататын мәліметтер; 265-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлік беру; 266-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлік; 267-бап. Азаматтың аты, әкесінің аты, тегі ауыстырылғаны туралы хабарланатын мемлекеттік органдар тізбесі⁴. Баптардың атаулары кісі аты-жөнінің құқықтық-нормативтік реттелуі туралы ақпараттар беріп тұр. Осындағы негізгі қызмет аты-жөнді алу және өзгерту туралы. Заң қоғамдық жағдайларды реттеу үшін, халықтық дәстүрлердің ерекшеліктерін ескере отырып дайындалады, сондықтан Кодекстегі нормалар Қазақстан жағдайына сәйкес дайындалып отыр. Бұл орайда бірер мәселеге назар аударуға болады. Біріншісі, «Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы» деген сөйлемде барыс септігімен келетін сөз «алу құқығы» болып өзгертілуі тиіс деп ойлаймыз. «Алуға құқығы» деген сөз «алмауға құқығы» деген қарама-қарсы ой тудырады. Екіншіден, 63-бап «Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы бар» және «міндетті» болуы тиіс (ал жетім балаларды асырап алу, әке-шешесі белгісіз болу т.б. жағдайларға жеке бап керек). Бұл ұлттық дәстүрдің талаптарына сәйкес келеді. Ұлттық дәстүрімізде және діни сенімімізде кісі атына баса назар аударылады. Мысалы, басқа ағайынның асырауына берген бала өмірден өткенде жаназасын туған әкесінің атымен шығарады. Бұдан өзге де әке мен бала арасын жалғайтын «ұлы», «қызы» сөздері ежелден халық ұғымында қазіргі тектің орнына жұмсалған. Ә.Бөкейханның мұраларында кездесетін Төлебай Алдабергенұлы, Молдаш Шыныбайұлы, Ақай Баймұрынұлы, Ержан Есенгелдіұлы, Мәнерхан Шолақұлы, Қасымхан Әбілханұлы, Хасен Жаңқашұлы т.б. секілді аты-жөн қолданысы қазақтың дәстүрлі үлгісінен алынған [9, 364-367 б.]. Олар бүгінде ұлты қазақ азаматтарының тегі ретінде ресми бекітілген жұрнақтардың бірі болып табылады.

Өмірге келген әрбір сәби есімін, әкесінің атын, тегін алуға құқылы болғанмен, оны таңдау құқығы өзгелерге берілген. Нәтижесінде шектен шыққан, сәбидің намысына тиетін түрлі есімдердің қойылуына жол беріледі.

Әлеуметтік ортада танылу мен белгілі бір қоғамның азаматы ретінде ресми тіркелу азаматтардың толық аты-жөні арқылы жүзеге асады, соның ішінде адам тегінің орны үлкен. Тектің адамды өзгелерден даралаумен қатар туыстық жақындығы бойынша адамдарды топтастырады. Орыс тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінсек: «Фамилия 1. Кісі есіміне тіркелетін мұраға қалған отбасылық атау; 2. әулет; 3. отбасы» деген мағыналарда жұмсалатынын айтады [10, 848 с.]. Ономастикалық терминологиядағы мағынасы: «Адамның белгілі бір отбасына жататынын (мүшесі екенін) білдіретін мұраға қалған ресми атау. Антропонимнің бір түрі» [11, 140 б.]. Белгілі бір адамның әулеті ретінде оның атын фамилия етіп алу, сақтау жер бетіндегі халықтардың біразында бар. Оларда фамилия қандай тектен тарағандығын білдіретін белгінің қызметін де атқарады. Бұл фамилияның бірінші ерекшелігі, ал екіншісі – әлеуметтік қызметі. Әлеуметтік ұжымдар белгілі бір көзқарастардың, таным-түсінік пен материалдық игіліктердің негізінде қалыптасады. Бір отбасының мүшелері көзқарастарының ортақтығына байланысты емес, ортақ мүдде, туыстық жақындықтардың себебінен бірігеді. Отбасы қоғамда әлеуметтік құрылымның бөлшегі ретінде қызмет етеді. Қазақтың дәстүрлі тұрмысында отбасылардың орны үлкен, олардың барлығы отағасының есімімен (мысалы Бөжейдің үйі) аталған. Ауылдар да өзінің сөзұстар жетекшілері мен ақсақалы, үлкенінің (Құнанбай ауылы) атымен аталған. Бұл ерекшеліктері бойынша алғанда фамилия термині *отағасы, әке, ата, ауыл ақсақалы, кейде ру* т.б. туыстық атаулардың мағынасымен сәйкес келеді. Антропонимдердің әлеуметтік

⁴ Ескерту: Бұл мәселе социолінгвистикалық тұрғыдан алғаш рет сөз болып отырғандықтан, оқырмандарға толық әрі нақты мәліметтер беру мақсатында кодекс баптарын атауымен бірге толық беріп отырмыз.

қызметі жинақтауыштық әрі даралауыштық сипатқа ие. Жеке адам – әлеуметтік құрылымының мүшесі, ал адамдардың қауымдасуы – қоғамдық тұтастықтың көрінісі.

Қоғам әлеуметтік топтардан құралады. Әлеуметтік ортада өмірге келген кез келген сәби әлеуметтену үдерісін басынан кешіреді. Әлеуметтану саласында пайда болған «әлеуметтену» термині тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруды білдіреді, атап айтқанда, азамат бойына өзі өмір сүріп отырған қоғамның ерекшеліктерін сіңіреді, жалпы қоғам өміріне тән қасиеттерді бойына жинақтай келе жеке тұлға ретінде қалыптасады және ерекше қасиеттерімен өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік алады. Қоғам адамның мәдени әлеуметтік келбетін қалыптастырады және жалпыға маңызды жүйені құрайтын ұжымдық мөлшерлерді (жүріс-тұрыс, дағдылар, сөйлесу мәдениеті т.б.) меңгеруіне ықпал етеді. Игеру дәрежесі жетіле келе енді бұл мөлшерлер тұлға болмысының ажырамас бөлігіне айналады, яғни оның барлық қылықтары еріксіз, өздігінен әрі байқаусыз адамның бойында қайталанып отырады. Адам бойында болатын және оның қоғамның бір бөлшегі ретінде қалыптасуына ықпал ететін бұндай үдерісті әлеуметтану ғылымында «тұлғаның әлеуметтенуі» деп атайды. Осы үдерістердің нәтижесінде әр адам әлеуметтік құрылымның бір бөлшегіне айналады.

Адам мен есімнің өзара бірлігі жеке адамдармен бірге олардың есімдерінің де әлеуметтенуіне ықпал етеді. Т.Жанұзақов адамның қоғамдағы орны туралы айта келе «әлеуметтік өре» терминін ұсынады. Ғалым адамдардың отбасындағы, қызметіндегі, салауатты өмір салты ұстанымындағы орнына мысалдар келтіре отырып, кісі аттарының төтенше және қоғамдық мағынасының бар екеніне тоқталады және сөйлеу тілінде, белгілі бір ұжымда, яғни әлеуметтік контексте мағынасының өзгеріп отыратынын айтады [12, 60]. Кез келген әлеуметтік ортада адам есімі арқылы танылады да, есімнің дыбыстық тұлғасы мағынасынан алыстап, өзі атап тұрған адамды білдіру қызметіне көшеді. Аты аталғанда айналасындағылар есімнің мағынасын емес, сол адамның өзін еске алады. Сөйтіп кез келген адам есімі арқылы қоғамдық құрылымның бөлігіне айналады.

Ұлттық қоғамның көрсеткіші ретіндегі қызметі. Кісі есімдері белгілі бір ұлттың лексикалық қорындағы сөздерден жасалатын болғандықтан, сол ұлт тілінің заңдылықтарын қабылдайды. Дыбыстық және құрылымдық үлгілері де сол тілдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес жасалады. Тарих қойнауынан жеткен кісі аттарының біртұтас болмысы – ұлттық қоғамның көрінісі бола алады. Антропонимдік қордың тұтас мазмұны халықтың тұрмыс-салты, шаруашылығы мен экономикасы, жалпы дүниетанымы және мәдени-танымдық көзқарастары туралы ақпараттарды қамтиды. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда да антропонимдік қордың жалпы мазмұны осы аталған факторларды қамтитыны байқалады, оларда түрлі дәуірлер мен кезеңдердің іздері сақталған. Зерттеуші ғалымдар «Географиялық аймақтың тарихын оқи отырып, жер-судың неге солай аталғанын тереңірек білуге, ал түрлі ұлттарға қарай отырып олардың атаулары сол халықтың негізгі ерекшелігімен тікелей байланысты екеніне көз жеткізуге болатынын» айтады [13, 344]. Халықтың басынан кешкен алуан түрлі жағдайлар мен тұрмыс-тіршілігінің, наным-сенімінің ерекшеліктері кісі есімдерінің мағынасынан көрініс тапқан, бұл тұрғыдан ол дәстүрлі қоғамымыздың этноәлеуметтік тарихынан ақпараттар береді. Этноәлеуметтік қоғамда ұлт, адам, есім үшеуінің бірлігі өзіндік маңызды рөл атқарады. Ұлт өкілдері мен олардың дәстүрлі есімдері өзара үйлесімде және біртұтастықта бола отырып, қоғамның ұлттық келбетін, қоғамды құраушы этностың бейнесін айқындай түседі. Түрлі дәуірлерге тән есімдердің мағынасынан сол кездегі саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық көзқарастардың белгілерін көруге болады. Мемлекеттік саясат ұлтқа бұрылған сайын қоғамдық санада да ұлттық есімдер жаңғыра бастайды. Жалпы тілдік саясат әлем елдерінде маңызды рөл атқарады. Саяси қолдау тапқан тілдер қашан да еркін дамуға мүмкіндік алады. Кісі есімдері арқылы елдегі тілдік саясаттың қай тілге бағыттталып (бір елдегі түрлі тілдердің ішінде) жүргізіліп отырғанын да шамалауға болады [14, 86-88]. Қазақстанның Тәуелсіз ел ретінде даму барысындағы тәжірибесінен көреміз, осы жылдар ішінде ұлттық антропонимияда біршама өзгерістер болды және ол үздіксіз жалғасып келеді. Бұл – кісі

аттарының ұлттық болмысқа қарай бұрылу өзгерістері. Соңғы жылдары жаңғырудың сипатынан тарихи, ұлттық тұлғалардың есімдерін қою, есімдердің қазақша жаңа үлгілерін жасау, құрани есімдер мен дін қайраткерлерінің есімдерін қою секілді бағыттарды көреміз. Тәуелсіздікке дейін аты-жөні қазақша азаматтар саны саусақпен санарлық қана болса, қазіргі кезде елеулі көрсеткіштерге жетіп отыр. Жеке зерттеулерімізден мынандай мәлімет алып отырмыз: 2022 жылы оқуға түскен барлық абитуриенттер саны – 50531 болса, соның ішінде қазақшаланғаны – 35718, яғни 70 пайыздан асты. Бұл ең бірінші қоғамдық санадағы жаңғыру мен ұлттық текке оралу үдерістерінің жемісі.

Кісі есімдерінің әлеуметтік-лингвистикалық мәні қашан да сол ұлттың тұрмыс-салты, дүниетанымымен сабақтасып жатады. Қоғамдық қатынастар жүйесі, қоғамдық санада орныққан ұғым-түсініктер, адамдар өмір сүріп отырған замана сұраныстары мен талаптары, көңіл-күй суреттері, жеке адамдардан бастап, елдік дәрежеге дейінгі жалпы қоғамдық, кейде соның ішіндегі ұжымға ортақ мүдделер т.б. секілді құндылықтардың барлығы кісі есімдерінің мазмұнына жинақталады да, ұлттық руханияттың алтын қазынасына айналады. Осылардың барлығының әлеуметтік қатынастар нәтижесінде дүниеге келуі кісі есімдерінің әлеуметтік болмысын сомдайды, нәтижесінде ұлттық есімдер ұлттық қоғамның көрсеткішіне айналады.

Қорытынды

Кез келген қоғамның құрушысы – адам, адамзат баласын антропологтар – жалпы түрі мен түсіне, психологтар – мінез құлықтарына қарай бөледі, соның ішінде тілі мен дәстүрі бойынша өзара жақынырақ ұқсас топтар – халықтар, ұлттар бойынша бөлінеді. Бұның барлығы адамдардың ұзақ уақыттан бергі бірлестіктер мен қауымдастықтар құру барысында қалыптасқан бірігіп өмір сүру формасының түрі. Қазіргі кезде үлкен бірлестіктер мемлекеттік деңгейде – түрлі ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырса, ең кішісі – отбасылық деңгейде екі және одан көп адамдардың басын құрап отыр. Осы ұжымдарды құраушы элементтер – миллиардтаған адамдар бір-бірінен есімі арқылы ажыратылады.

Адам әлеуметтік ортада есімі арқылы танылады, есімі арқылы әлеуметтік құрылымның бір бөлшегіне айналады. Ең бірінші есім дегеніміз – адамның өзі. Өйткені қазіргі қоғамда есімі болмаса, адам да жоқ деп есептеледі, яғни адамды айтса есімі, есімін айтса адам ойымызға келеді. Айналасындағы өзін қоршаған қауымның белгілі бір адамға қаратылып айтылып жататын жаман-жақсы пікірлері, тілектері, сәлемдемелері оның есімімен байланыстырылады және соған бағытталады. Қазақ тіліндегі «жақсы атты болды», «жаман аты шықты», «атыңнан айналайын» немесе «аты құрсын» деген тұрақты тіркестерден есімнің артында тұрған адамды көреміз. Тұрақты тіркестер – тұжырымдалып, тұрақталған ой мен пікірдің тілдегі көрінісі. Олардың қалыптасуы ұзақ уақыттарды қамтиды және бұл қоғамдық сана мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы адам есімінің қаншалықты маңыздылығын көрсете алатын факт.

Есім – атадан балаға қалатын мұра. Есімдер арқылы адам өзінің шыққан тегі туралы ақпараттар ала алады. Айналасындағы туыстарын таниды, олармен байланыс орната алады. Қазақ халқының дәстүрлі қоғамдық құрылымында этонәлеуметтік топтардың орны үлкен. Рулық жүйеге негізделген қазақ қоғамының құрылымын этнонимдер мен антропонимдерсіз елестету мүмкін емес. Бүгінгі уақытта да бұл жүйенің дәстүрлі үлгілері қазақ халқының салт-дәстүрінде, тұрмысында сақталып отыр. Жаңа заманға сай есімдердің жасалуында да осы дәстүрлер жиі кездеседі. Қазақ есімдерінің әлеуметтік мәні туралы сөз қозғағанда ең бірінші адам мен есімнің және есімнің тұлғасы мен мағынасының арасындағы байланыстарға мән берілуі тиіс. Осы үшеуінің бірлігі (адам – есімнің тұлғасы – мағынасы) антропонимдік мағына мен әлеумет тарапынан телінетін мағынаның ара жігін ашып тануға мүмкіндік береді.

Мүдделер қақтығысы

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Б.Әбдуәлиұлы – мақаланың тұжырымдамасына, мақала тақырыбына қатысты материалдарды оқып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты. Г.Махмұт, Чжан Юйянь – мақала материалдарын саралап, талдау жасауға пайдалы деректер жинақтауға ат салысты.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБ АР23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» атты мемлекеттік гранттық (2022-2024 жылдарға арналған) жобасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі

1. Квеско Р.Б., Ванина И.Л., Квеско С.Б., Чубик А.П., Бухтояров С.В., Емельянова Н.Е. Социолингвистическая коммуникация как элемент общественных отношений // Известия Томского политехнического университета. – 2007. – Т.311. – №7. – С. 61-67.
2. Беликов В. И. Социолингвистика: учебник для вузов. – Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 2001. – 439 с.
3. Смағұлов А. Қазақ есімдері. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Атамұра», 2006. – 432 б.
4. Кисель О.В. Коннотативные аспекты семантики личных имен: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Челябинск, 2009. – 24 с.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедия», 1998. – 720 б.
6. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. –140 б.
7. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – Москва: «Наука», 1973. – 367 с.
8. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық, Т.4. – Астана: «Фолиант», 2010. – 728 б.
9. Әбдуәлиұлы Б. Ә.Бөкейхан туралы естеліктердегі байырғы атаулар қызметінің тілдік тағылымы // Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуы мен Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған «Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік мұраты» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана, 2016.
10. Ожегов С.И. Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – Москва: «А ТЕМП», 2004. – 944 с.
11. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1988. – 192 с.
12. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. 1-том. – Астана: «1С -Сервис» ЖШС, 2006. – 400 б.
13. Djuraeva I.A. Social Significance Of Uzbek Anthroponyms // The American Journal of Social Science and Education Innovations. – 2021. – Volume 03, Issue 02-2021. – P. 343-350.
14. Fernández Juncal C. Evolution of Anthroponyms in an Area of Linguistic Transition: A Socio-Onomastic Study // Names. – 2018. – Vol. 66, No. 2, June 2018. – P.85-95. DOI: <https://doi.org/10.1080/00277738.2018.1453275>
15. Социолингвистика: изучение взаимосвязи языка и общества // Научные статьи. Ру – портал для студентов и аспирантов. [Электронный ресурс]. – 2023.– URL: <https://nauchniestati.ru/spravka/socziolingvistika/> (дата обращения: 08.08.2024).
16. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.

B. Abdualiuly¹, G. Mahmut², Zhang Yuyan³

¹ Xi'an International Studies University, Xi'an, China

² Xinjiang University, Urumqi, China

³ Lanzhou University, Lanzhou, China

Semantic features and social function of Kazakh names

Abstract. The formation and development of Kazakh names occur on two bases. The first base is related to linguistic features, specifically linguistic patterns. Development in this direction includes the structural system and semantic field of personal names. The second base pertains to the functions of names within the social environment, including their role in regulating relationships between people and the official registration of citizens living in a particular society. Connection between citizens and their names is crucial from both linguistic and sociological perspectives, as any person is recognized as a member of society through their name and is acknowledged by their environment. A name serves as evidence of a person's existence and status as a full-fledged citizen of a specific country. Like other citizen rights, the right to a name is protected by law.

Just as society cannot exist without individuals, individuals cannot exist without names. Personal names often become associated with specific personalities; for example, "Abai" evokes the great Kazakh thinker rather than its original meaning, "smart, wise." This shift reflects the influence of social relations. Names unify and reflect national identity, making their sociological study essential. This article analyzes these aspects through an interdisciplinary lens.

Keywords: anthroponym, ethnonym, ethnoanthroponym, anthropoetnonym, socialization, social status, sociology, sociolinguistics

Б. Абдуалиулы¹, Г. Махмұт², Чжан Юйянь³

¹Сианьский университет иностранных языков, Сиань, Китай

²Синьцзянский университет, Урумчи, Китай

³Университет Ланьчжоу, Ланьчжоу, Китай

Семантические особенности и социальная функция казахских имен

Аннотация. Формирование и развитие казахских имен происходит по двум основам. Первая основа связана с языковыми особенностями, то есть с языковыми закономерностями. Развитие в этом направлении включает структурную систему и семантическое поле личных имен. Вторая основа относится к функциям имен в социальной среде, их роли в регулировании отношений между людьми, а также к официальной регистрации граждан, проживающих в определенном обществе. Связь между гражданами и их именами очень важна с лингвистической и социологической точки зрения, поскольку любой человек регистрируется в качестве члена общества по своему имени и узнается своим окружением. Имя – это доказательство того, что человек существует и является полноправным гражданином определенной страны. Право на имя, как и другие права гражданина, также охраняется законодательством.

Как общество не может существовать без человека, так и человек – без имени. Личные имена со временем становятся ассоциированы с конкретными личностями. Например, имя «Абай» вызывает образ великого казахского мыслителя, а не его первоначальное значение – «умный, мудрый». Современное значение имени связано с его местом в обществе, что отражает влияние социальных отношений. Личные имена, объединяя людей, отражают национальный социум, что делает их важным объектом социологического анализа. В статье представлен комплексный междисциплинарный подход к изучению этих аспектов.

Ключевые слова: антропоним, этноним, этноантропоним, антропоэтноним, социализация, социальный статус, социология, социолингвистика.

References

1. Kvesko R.B., Vanina I.L., Kvesko S.B., Chubik A.P., Buhtoiarov S.V., Emelianova N.E. Sotsiolingvisticheskaia kommunikatsiia kak element sotsialnyh otnoshenii [Sociolinguistic communication as an element of social relations [Proceedings of Tomsk Polytechnic University], Vol. 311, No.7, 61-67 (2007). [in Russian].
2. Belikov V.I. Sotsiolingvistika: uchebnik dlia vuzov [Sociolinguistics: textbook for universities] (Moscow, 2001, 439 p.) [in Russian].
3. Smagulov A. Kazak esimderi. Entsiklopediialyk anyqtamalyk [Kazakh names. An encyclopedic reference book] (Atamura, Almaty, 2006, 432 p.) [in Kazakh].
4. Kisel O. V. Konnotativnye aspekty semantiki lichnyh imen [Connotative aspects of the semantics of personal names: thesis abstract for ... Candidate of Philology: 10.02.19 (Cheliabinsk, 2009, 24 p.) [in Russian].
5. Kazakstan. Ul'tyik entsiklopediia [Kazakhstan. The National Encyclopedia]. (Kazakh Encyclopedia, Almaty, 1998) [in Kazakh].
6. Zhanuzakov T.J. Kazak esimderinin tarihy [The history of Kazakh names]. (Gylym, Almaty, 1988, 140 p.) [in Kazakh].
7. Superanskaya A.V. Obshaya teoriya imeni sobstvennogo [The general theory of the proper name] (Nauka, Moscow, 1973, 367 p.) [in Russian].
8. Seidimbek A. Shygarmalary. Alty tomdyk [Essay. In six volumes]. Vol. 4 (Foliant, Astana, 2010, 728 p.) [in Kazakh].
9. Abdualiuly B. A. Bokeihan turaly estelikterdegi baiyrgy ataular qyzmetinin tildik tagylymy [Features of traditional personal names in A. Bokeikhan's memoirs]. Materials of the international scientific and practical conference "Alikhan Bokeikhan and the goals of independence", dedicated to the 150th anniversary of the birth of Alikhan Bokeikhan and the 25th anniversary of the Republic of Kazakhstan (Astana, 2016) [in Kazakh].
10. Ozhegov S.I. Shvedova N.Iu. Tolkovyi slovar russkogo iazyka [Explanatory dictionary of the Russian language] (A TEMP, Moscow, 2004, 944 p.) [in Russian].
11. Podolskaya N.V. Slovar russkoi onomasticheskoi terminologii (Nauka, Moscow, 1988, 192 p.) [in Russian].
12. Zhanuzak T. Kazak onomastikasy [Kazakh Onomastics]. Volume 1 (IS-Servis, Astana, 2006, 400 p.) [in Kazakh].
13. Dzhurayeva I.A. Social Significance Of Uzbek Anthroponyms, The American Journal of Social Science and Education Innovations, Volume 03 Issue 02, 343-350 (2021).
14. Fernandez Juncal C. Evolution of Anthroponyms in an Area of Linguistic Transition: A Socio-Onomastic Study, Names, Vol. 66 No. 2, June 2018, 85-95 (2018). DOI: <https://doi.org/10.1080/0277738.2018.1453275>
15. Sotsiolingvistika: izuchenie vzaimosviasi iazyka i obshestva [Sociolinguistics: the study of the relationship between language and society]. Nauchnye Stati. Ru - portal for students and graduates. [Electronic resource]. – 2023. – URL: <https://nauchniestati.ru/spravka/socziolingvistika/> (accessed: 08.08.2024). [in Russian]
16. Neke (erli-zaiptylyq) zhane otbasy turaly Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi, 2011 zhylgy 26 zheltoqsandagy № 518-IV [The Code of the Republic of Kazakhstan on Marriage (Matrimony) and Family, No. 518-IV dated 26.12.2011] [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Әбдуәлиұлы Б. – филология ғылымдарының докторы, Сиянь халықаралық шет тілдер университетінің профессоры, Сиянь, Қытай Халық Республикасы. E-mail: bekzhan_a7@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1481-8850.

Махмұт Г. – PhD докторант, Шыңжаң университеті, Үрімжі, Қытай. E-mail: gulmira.makhmut@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5843-9380.

Юйянь Чжан – саяси ғылымдар докторы, доцент, Ланжоу Орталық Азия зерттеу институты және Саясаттану және халықаралық қатынастар институты, Ланжоу, Қытай. E-mail: zhangyuyan@lzu.edu.cn, ORCID: 0000-0003-0923-0737.

Abdualiuly B. – Doctor of Philology, Professor, Xi'an International Studies University, Xi'an, People's Republic of China. E-mail: bekzhan_a7@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1481-8850.

Mahmut G. – PhD student, Xinjiang University. E-mail: gulmira.makhmut@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5843-9380.

Zhang Yuyan – PhD, Associate Professor, Lanzhou University, Lanzhou, China. E-mail: zhangyuyan@lzu.edu.cn, ORCID: 0000-0003-0923-0737

Абдуәлиұлы Б. – доктор филологических наук, профессор, Сианьский международный университет иностранных языков, Сиань, Китайская Народная Республика. E-mail: bekzhan_A7@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1481-8850.

Махмұт Г. – PhD докторант, Синьцзянский университет, Урумчи, Китай. E-mail: gulmira.makhmut@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5843-9380.

Чжан Юйянь – доктор политических наук, доцент, Ланьчжоуский университет, Ланьчжоу, Китай. E-mail: zhangyuyan@lzu.edu.cn, ORCID: 0000-0003-0923-0737.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).